



Кәмел Жүністегі



ҚҰБА БЕЛДЕР



Кәмел Жүністегі

ҚҰБА БЕЛДЕР

ЗАМАНА ЖЕЛІ

Роман

Үшінші кітап



"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 84 Қаз 7-44

Ж 88

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ.

Жүністегі Кәмел

Ж 88 Құба белдер. Замана желі. Роман. *Үшінші кітап.*
Астана: Аударма, 2004 - 376 бет.

ISBN 9965-18-131-4

Жазушының бұл кітабында совет дәуіріндегі қазақ даласында болып өткен қуғын-сүргін, қудалау, тоталитарлық жүйенің халыққа, жеке адамдарға көрсеткен қиямпұрыс зұлымдықтары, жөбір-жапасы, ел рухының аяққа тапталуы суреттеледі. Зардапты қиындықтары мол төңкерістерден ауырып аман қалған қазақ ауылдарына тәуелсіздік, теңдік те онайға түспегені басты желі ретінде тартылады.

“Замана желі” қарымды қаламгер Кәмел Жүністегінің “Құба белдер” трилогиясының, бұрын жарық көрген “Аңыз мезгіл”, “Апат” атты бірінші, екінші кітаптарының заңды жалғасы.

Ж 4702250201-138
00(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-18-131-4

© Жүністегі К., 2004.

© “Аударма” баспасы, 2004.

ҮЗІЛГЕН ҮМІТ

Кәрі Аюлыға шөккен бұлт жылжып төмен түскенде етектегі ауылды қою тұман тұманшалап тұр еді. Әлденеден жасқанғандай ит те үруін қоя қойыпты. Бала-шаға, келін-кепшіктің қай-қайсысының болмасын жүзінен мүң, көзіне үйірілген жасты көріп беймаза көңілі байыз таппаған Жұмаш ақсақал есік алдындағы орындыққа жайғасқан. Иә, Алла, күткені осы ма еді. Шың-шың еткен құлағын алақанымен басып, иіле беріп еді, ақ қырау шалған сакалына үзіліп түскен жалғыз тамшыны аңлап, есін жиып бой түзелді.

— Не болып жатыр екен? — деп күбір етті де, онысын ешкім естіп қоймады ма деп жан-жағына көз тастаған. Көше бойындағы көлденең дүкеннің маңындағы жұрт ығы-жығы. Бұрындары шәй-пүй ішеміз деп келе беретіндер де сан тиді-ған. Бұл үйдің маңына көрінбес камал салынғандай, әйтеуір үркектеген таныс білістер аңшының құрулы мылтығынан секем алған киіктей ойқастап жоламайды.

Егіліп көз жасын тыя алмай жылаған Қапас қана. Басқа ағайын кісі өлгендей тұн қатып келіп, қою қараңғылыққа жұтылып енді не болар екен дегендей із салмай отыр. Суық хабарды естіп, тапа тал түсте айылын жимай келген Тұңғышбек, Алтыбай оларға ерген Қасқатай. Қызыкен ғана.

— Оу, ұнжырғаң түсіп кетіпті ғой, өзің бәйбішеңнен таяқ жегеннен амансың ба? — деп Тұңғышбек жорта қылжақтай келген.

Е... — Жұмаш ескі достарының бетіне “сендер бар екенсіңдер-ау” дегендей аңыра қараған. Келген төртеуінің де бастарын ақ шалған, талай қысталаң уақыт салған әжімді жүздерінде қимастықтың да, қиналыстың да табы тұр.

— Қайтер дейсің, бір балалық болған шығар, ақталар. — Алтыбай дос ниетін білдіргендей болса да, дауысында соңы не болардың дірілі бар.

— Бізді де ескерер. Осы заман үшін, елдің болашағы үшін аянбай еңбек етіп бақтық қой, — деп жұбаныш айтқан Қас-

қатайлар да жиі келе берудің ретін таппағандай. Оның үстіне күйсеу баласы Рымқұл да осы іспен шатылып кете ме деген қауіптен ол да құтыла алмай жүрген.

Қауіп ойлаған жалғыз сол ғана ма, талай жастың ата-анасының көңілі күпті болса керек.

Иә, ойда-жоқта болды-ау бұл оқиға. Соңғы кезде аудан орталығына солдат тиеген машиналар жиі келгіштеп кетіп еді. Жұрт әуелде бұл қалай деп сескенсе де, кейін бойлары үйреніп, тіпті көңіл бөлмеген. Сол күні анау көлденең дүкеннің жанынан да, осы маңдағы сауда кеңсесінің тұсынан да, тіпті өздері су ішетін құдықтың жанынан да топ-топ сары ала киімдер бой көрсеткен. Асынған қару жарағы, жетектеген иттері де бар екен. Олардың бұл жүрісінен сскем алмаса да Жұмаштың көрі жүрегі өз-өзінен шым етті.

Үйге кіргені сол еді, жұбайы Бақыттың "Не, боп қалды деген үрейлі дауысы, баласы Әлкәдірдің "Ештеңе емес, жай ғой, жай "дегені қоса жеткен. Қарулы топ үйге сау еткен. Терезеден сыртқа үніліп еді, мал қора мен екі ортада қару асынғандар жүр. Сірә, айнала қоршауға алынған сияқты.

Үй иелерін де, бала шағаны да тұрған-тұрған жерінен қыбыр еткізбеді. Ескі үйдің ортасындағы жалғыз тіреуді құшақтап қалған бес жасар Барлықтың да маңына жолаттырмады. Пәленбай сағат үйді қопарып тінту жасағанда жүрегі әлдебір жаманшылықты сезген жас бала тіреуді құшақтап тұра беріпті. Әлкәдірді байлап-матап әкеткен соң ғана орнынан қозғалған Жұмаш баланың тіреуге айқасқан құшағын зорға жазып алған.

Ел іші дүңк-дүңк. Бірінен бірі өткен еңсені езген хабар. Елдің айтуына сенсе Әлкәдірдің жолдасы Зейін осыдан үш күн бұрын Қарағандыда ұсталыпты. Нағыз шпион екен. Банкіден американың долларын алып тұрған жерінен қолға түсіпті.

Ал, өз баласы да әлде ағылшын, не жапонның агенті-міс. Аюлының арғы бір қуысында жасырын хабарлағышы бар екен. Сол жерде сөйлесіп жатқанда қолға түсіпті. Өздері талай қалада шпиондық топ құрып үлгеріпті деседі. Мақсаттары кеңес өкіметін құлату. Енді болмаса шет елге өтіп кетулері де мүмкін екен. Чеканың қырағылығы, комсомолда істеп

жүргендердің ақ жүрек тазалығы арқасында бұл ұйым талқандалыпты.

Жұмаш бұл қауесеттердің біріне де сенген жоқ. Мынау істен жұртшылықтың бетін аудару үшін КГБ-нің өз салпаң құлақтары арқылы таратып жүрген өсегі екеніне шүбәсі жоқ. Ел басынан өткен зорлық пен зомбылық, ГПУ-дің жүректі шайлықтырған сан ісі көз алдында. Баласының басына неше түрлі пәле өсек боп жабылған сайын Жұмаштың Әлкәдір мен оның достарына деген сенімін арттыра түскен. Әттең, баласы бұған неге бір ауыз сөз айтпады екен.

Баласының жау екеніне сенбесе де, оның бір жұмыспен үш әріптің қолына түскені анық. Әдебиет дегеннен түк қоймай оқитын, тарихи деректерді түп негізінен қанығуға тырысатын баласының мектеп кезінен-ақ талай айтысқа түсіп жүретінін білетін. Бірде...

Иә, ымырт жабылған шақ болатын. Мектеп директорлығына өткеніне бірер жыл ғана болған жігіт іңір қараңғысымен үйге кірген.

— Ассалаумағалейкум, Жүмеке.

— Төрлет, шырағым.

Сәлемнен соң директор жігіт үй ішін көзбен тінтіп ұзақ қарады. Қала берді осы үйдегі кешегі інісі Қасымнан қалған кітаптарды көріп:

— Мұғалім болған соң жеткіншектердің көбірек оқығанын қалаймыз ғой, — деген.

Дегенмен бөлек айтары бардай қипақтаған соң, Жұмаш ақсақал өзі де демеп, балалардың ұсақ бұзақылығы жөнінде сөз қылған еді.

— Оныңыз рас, — деп директор да бір жүгі үстінен түскендей жеңілдене берді. — Балалардың кейде сабаққа кедергі келтіретіні де бар.

— Онысы әбестік қой, оны байқамаса болмас. — Жұмаш жігіттің сөз саптауына қарай ыңғай берген.

— Иә, байқау керек сияқты. Әлкәдір өте зерек бала ғой, көп оқитынын мұғалімдердің барлығы айтып та жүр. Өткенде бір мұғаліммен сөз жарыстырып та қалыпты.

— Онысы ыңғайсыз болған екен.

— Әлгі Дарвиндікі қате, Мендель дұрыс айтады деп дәлелдеп болмай қойыпты. Сонан басқа оқушылар да оны

қолдан, үш-төрт күн сыныпта у-шу боп, мұғалімдер Әлкөдір отырған класқа бармаймыз дегенді шығарды. Әлкөдірмен жеке сөйлесіп, бұлай етуге болмайтынын, тіпті жасыратыны жоқ, қауіпті екенін ескерттім.

Жұмаш бұл уақиғаны үнсіз қабылдай алмады. Маңдайынан шып-шып шыққан терің сүртіп тастап:

— Апырай-ә, балалық-ай, — дей берген.

— Соны сізге де айтып, байқап жүруін тапсырсын деп келіп едім.

Директор жігіт ештеңеге аялдамай, жан-жағына жалтақтай қарап, үйден шыға іңір қараңғылығына сіңіп кеткен. Бірақ мұнан кейін де баласының әдебиет сабағында Бұқар мен Шортанбай жырау туралы сөз көтеріп, тарих сабағы үстінде басқа елдің королі мен патшасы ғажайып тұлға боп тарихқа енген, сонда қазақтың бір ханы жөні түзу болмаған ба деп тірескенін естіп жүрді. Бақса баласынікі жөн-ақ. Олай деп біржола бет түзейін десе мұнысы үкіметтің жүргізіп отырған саясатына симайтын да сияқты. Әлкөдірмен бірер рет сөйлесіп, "ЧК" деген пәленің барын айтқан да қойған.

Өзінің де өмірде көргені аз ба еді. Әбдікәрім, Оспан ағаларының да көзін жойған, артында қалған бала-шағасын да құртып тынған осы ЧК емес пе еді. Ал сонау отыз алтыншы жылы атақты домбырашы Мырзақожаұлы Әмірханды да осы ЧК айналдырған-тын.

Сонда...

Иә, сонда домбырашы жігіттің бар айыбы баяғыда сүйегіне қына біткен әкесі Мырзақожаның ел сыйлаған тәуіп болғаны еді. "Комсомолға өтірік өтіп жүр, әкесі тәуіп" деп біреу көрсетіп жіберіпті. Сонан жас жігітті ұстауға үкім шығарылып, ол сонау Мәскеудегі шалға "Әкем ерте өліп, жетім өстім. Оның тәрбиесін көрмек түгілі түсін де танымаймын" деп арыз жазып, сол арыздың жауабы келгенше еркіндікте жүруге рұқсат кепілге шыққан. Кепіл жігіт "пәлем жұқпасын" деп ағайынның бір үйіне жоламай Аюлының бір сайын мекен етіп жатқан еді. Өзі түгілі ағайынның артын ойлап, далада қаңсыған жігітке елдің есі түзулері бала-шағадан асу беріп тұрған. Сөйтіп жүргенде ауданда бір үлкен той болып, орталық клубқа жиналған тамашапаз ел:

— Әмірханды шақырындар, бізге күй тартып берсін, — деп шуласқан.

Ақыры, елдің уәжінен шыға алмаған басшылар ГПУ-ден рұқсат алып, Әмірханды алдырған. Ғұмыры қыл үстінде жүрген жігіт әбден жүдеген екен. Сахна төріне малдас құрып отыра беріп:

— Уа, жұртым, сіздерге өнер көрсететіндей менде не күй бар дейсің, бірақ тілектеріңіз болсын, — деп домбырасын шерте бастаған. Жүрегінді тілгілеп, бойыңа шым-шым сіңген күймен бірге домбырашы жігітте бірге теңселіп, әрі беріден соң өңі нұрланып жүре берген. Қай-қайдағы сағыныш, өткен өмірдің қапылыс тұстары санасында жаңғырған жұрт "аһ" ұрған еді. Ал, Әмірхан болса күй ырғағымен бірге екі тізесі қарлығаштың қос қанатындай діріл қағып, есіктен төрге, төрден кері сырғып, жылжып кетіп отырғанын тындаушы да, өзі де білмеген еді.

Ажал дұзағын мойнына салған ГПУ-дің шеңгелінен аман құтылған тек осы жігіт шығар. Онда да сонау Мәскеудегі шалдың "босатылсын" деген бір жол телеграммасынан соң ғана ГПУ тартынып қалған еді.

ГПУ атты мекеменің өрмекшідей тор құрып, жемтіктің өзі келіп түсер сәтін кірпік қақпай бақылап отыратынын жан-тәнімен сезетін. Оның үстіне сол кепеуі әзірейілдей қақшы-ып, ауданның қақ желкесіндегі төбешікке орналаса қояр ма. Шалт қимылың түгілі сыбырыңды естіп қоятындай көрінетін. Пенде шіркін сонда да өз ойын айтпай қоймайды екен.

Сол кездегі ауданның бірінші басшысы Хамитжанұлы Сәбитпен пікірлері жарасып-ақ кеткен. Кешке клубқа келіп аздап биллиард ойнайтындары бар. Шарды асықпай қуатын Сәбит кеңк-кеңк күліп:

— Страна погибшего социализма, — дейтін орысшалап.

— Қой, победившего, — деп түзейді Жұмаш.

— Нет, погибшего, — деп ыржия күледі Сәбит.

— Әй, мұныңды біреу естіп қойса айықпас пәлге қаласың, "страна победившего социализма" /социализм жеңген ел/, — деп айт деп Жұмаш та қоймаған.

— Әй, Жұмеке-ай, отыз екінің қырғынын қайда қоясыз. Социализм күйреген ел. Мұны сізден басқаға өзім де айтпаймын. — Сәбит желпініп қатуланып алатын.

ГПУ-дің қанды шеңгелін сезе бастаған тұста милицияда жүрген Әрін де ол жұмысты тастап кетті. Соны күткендей кешкі алаң-елеңде үйіне тінту жүргізуге екі-үш милиционер сау ете қалған. Бұлақ басындағы қатар тігілген қос киіз үйдің біріндегі Жұмаштың көзі көргенді көңілге түюші болудан басқа амалы қалмаған.

Келгендердің скеуі кеше Әріндермен бірге қызмет істеген біреуін Әріннің өзі милицияға жұмысқа тартқан жігіт. Әсіресе соның зорлығы өтіп кетті.

— Іштегі жау екенсің ғой, — деп жағадан алған.

— Тарт қолыңды. — Әрін қағып жіберді.

— Әкең жын оқыған молда. Оны біз білмейді деп пе ең.

Қолын қағып жібергенге жарылып кете жаздаған милиция жігіт енді аямасқа бекінгендей. — Қызыл жағаны өзің тастап кеткенің жақсы болды, бәрібір сені қудыратын едік.

— Күшік асырап, ит еттім деген осы. — Мылтығын суырған екеудің не жамандықтан тайынбайтынын көрген Әрін шегініп керегеге сүйеніп тұрып қалған.

— Оны сен овчаркаға талатқанда білерсің, — деп жас милиционер де тайынатын емес.

— Қане, жын оқитын қара кітапты тап, — дейді скіншісі.

— Қайдағы кітап, — деп жұбайы Шәкен шыр-шыр етеді.

— Сен салдақы шығарсың тығып қойған. Мұқай қожаның қара кітабы осы үйде екенін білеміз. Жанынды шырқыратып көзіңе көрсетпей тұрғанда, қане, тап.

Үйдің ішін шашып, аяққа іліккенін тепкілеп жүргендердің қолына үшінші сыныпқа барып жүрген Асаудың кітап, дәптері түскен еді, шала сауатты немелер жерден жеті қоян тапқандай қуанды.

— Әй, қара дәптер екен, мынау болмасын.

— Қане-ей, — Екі милиционер таласып жүріп өлеусірген білтелі шамға жеткенше бірер парағын жыртып та алған.

— Ойбай, бұл менікі, — деп оқушы Асау жармаса кеткен.

— Кет, әкеңнің...

— Менікі, деймін, менікі. Мұғалімге айтамын.

— Қарашы жаудың тұқымын. Бізді алдап алып қалмақ.

Милиционердің үлкені оқушыны көк желкеден соққан еді. Бала есіктен аса ұшып түссе де, қармана тұрып, "сендерді ме" деп әлденені айта бұлыға жылап жіберген.

Иә, заманның желі ауық-ауық әр тұстан соға береді екен. Бүгінгі оң деген істің теріс, теріс дегеннің оң боп шыға келгенінің Жұмаш сан куәсы. Тап сол уақиғадан қырық жыл өткен соң сол екі жандайшап милиционердің бірі қан қысымымен ауырып, сан дәрігердің алдынан өтіп, ақыры қазақы ем іздеп Әрінмен түрмеде бірге жатқан.

Қосайдың Мақыжанына келгенін көзі көрген. Мақыжан ескі жолмен бастан қан алатын емшілігі бар еді.

— Мақа, — деп келді кешегі жандайшап.

— Иә, айта бер.

— Мына бір бас ауру болмай тұр. Соған сізден жәрдем бола ма деп келдім.

Мақыжан кездігін әбден қылпылдатып қайрады. Түсі бір суып, бір жылып, ем сұраушыға кей-кейде алара қарап ұзақ дайындалған. Аласа орындыққа мүләйімси жайғасқан емделушінің иегін бір қолымен көтеріп

— Сен кеше Әрін скеумізге не істемедің. Күндіз-түні тұрғызып қойып ұрғаннан Әріннің бүкіл денесі ісіп кетіп, етігін пышақпен тіліп алған едік. Әй, жауыз-ай, енді міне қолда отырсың.

— Мақа, — орындықтағы бейшараның дауысы қалтырай шыққан.

— Орып жіберейін бе? — Мақыжан ұшы біздей откір кездігін бармақ ұшымен байқап-байқап қойған. — Ойладың ба, түбі осындай болар-ау деп.

— Әй, Мақыжан, өткен іс өтті, — деп шар ете қалды әйелі.

— Бұл ит өмір өтер, бір әділдік болар деп неге ойламаған.

— Қой енді. Онсыз да жаны мұрынының ұшында отыр. Қопсытпа кешегіні, бүгін саған бір жаны үшін келіп отыр. Қолыңдағы емші атамнан қалған кездікті арам іске жұмсайын деп пе ең?

— Мақыжанға әйелінің осы сөзі тоқтау болған еді-ау.

Енді қартайғанда өткеннің елесін санадан сауғаннан басқа сштеңе қалмағандай. Күні кешегідей болса да тым қашықта қалған ғұмырдағы қай-қайдағы таныс-білісі, дос-жараны көлбеңдей берген. Сол елестің тұщысынан ащысы көп екен. Тұщы деп ауыздың дәмін алатындай ештеме жоқ, ая ащысының өзек өртер тұстары күні бүгінге кетер емес. Иә, сан сойқанға тап болды ғой.

Оттың үсігімен жүріп, ұстараның жүзінде қыли-қылп күн кешкен ғұмыр. Соның өзі айнала қараша үйлердің ортасында қоймен бірге жайылған сүзеген ала бұқадай ежірейген ГПУ үйіне Қалабаев келгеннен бері тіпті қиындап кеткен.

— Міне, біреусі отызыншы жылдардағы Шишовтан бетер ме деп қалдым, — деген Нақыптың Алтыбайының сөзін Қызыкен бас ізей қостаған.

— Мына көрші Ақтоғайды қан қақсатып келіпті, нағыз билік осылардың қолында. Қойдан жуас бүгінгінің адамы ашса алақанында, жұмса жұдырығында, — деп Тұңғышбек шарасыздық танытты.

— Иә, бүгінгі тірі қалғанның қойдан жуас екені анық. Мұндайда жол тауып кетер арғы заманның Дүйсенбай, Жан-ғұттысы түгілі аудан боп ұйымдасып жатқан тұстағы біраз азамат арада жоқ. Осы елге біраз ақылшы болған Көпжан отыз екінің қырғынынан кейін аурулығын сылтау етіп, берген қызметтің бәрінен бас тартып, жатып алған. Мына заманның ендігі бет алысынан түңілгені шығар. Сөйтсе де Әбеу шалдың баласы Тұрсынға Шортанбайдың зар сөзін көшіртіп, ең болмаса осыны түйсініндер дегендей кейіп танытқан. Қайсы жыраудың өз қолжазбасы, қайсы көшірме екені есте жоқ, әйтеуір "жаттың" қолына түсіп кетпесін деп бесіктегі баланың түбегінің аузына жақын салған жастықшаның ішіне жасыратын. Тысына баланың кәкесі тиген, зәрінің исі де аңқыған жастықша Көпжан үйінің аса бір қадір тұтатын мүлкі екенін екінің бірі түгілі ауыл үйде сезетін таспиқ тартқан қария ғана.

— "Кепеудің" енді сүйенері де, сенгені де басқаша сияқты, — деп қалды Алтыбай.

— Иә, оныңыз рас. — Тұңғышбек "сен де байқап жүр екенсің ғой" дегендей Алтыбайдың жүзіне барлай қараған.

— Кешегі отыздың содыр, ұрда жық белсенділері жоқ. Ана Исалардың жұмысы ашық еді ғой, тура аттан салып, құтырған бурадай ежірейіп шыға келетін. Кепеудің атынан сөйлейтін, кепеуге арқа сүйейтінін жасырмайтын.

Айтып отырғандарының бәрі рас. Атынан ел үркетін Иса бүгінде аудан маңынан көрінбейді, тысқарғы бір жерде кешегі "әктің" болған беделін сатып күнелтіп жатқанын естиді. Сумсексйдің қайда кеткенін, әлде аштықта ит өліммен өлгенін айтар ешкім жоқ. Қанжырық деген пәлесі талай қылмыс істеп,

өз мойнын өзі үзген. Шындывы, қалған елдің қуанышына қарай бір "онды" арқалап, ит жеккеннің бер жағына кетінгі.

ГПУ ондай содырлардан арылған сияқты. Әлде содырлар сол бір сойқанды түсінен бітіп, енді керекеіз боп қалды ма екен. Сол содырлар көтерген құла шап, бір-бірінің жағасына жармасқан, күдірейіскен белеенді, ГПУ-дің балшықтан соққан қара дуалына синайтындай көрінуші еді, енді бірі жоқ, қара дуал да сол бір айғай-сүренді жұртты сағынатындай меліне қапты.

Енді бақса қара дуалды жағалайтындар басқа. Олардың өзі де, сөзі де бөлек. Ойнасының қойнына кіретіндей жымпып, жымысқыланып, намаздыгер-намазшамның арасында қара дуалдың қара колеңке түсын сағалайды. Кездесе кетсе мүләйім. Жатып жастық болуға даяр. Торғай арбар жыландай уында, тісін де ішіне жасырып тұрғанын екінің бірі біле қоюы неғайбыл. Қара дуалдың ар жағындағы нағыз аждаһаға жемтігін әзірлеп берушілер де солар. Әнеубір Ермақан деген бұрын ауызға ілікпеген-ақ адам еді, кейін сол туралы сыбыс бар. Осындағы біраз салтанқұлақтың сөзін тындап, келеуге өткізетін сол екен деген қауесет тегін шықпаса керек.

— Ақтоғайдағы біраз азаматты тізімдеп, оң санарға аттандырып келіпті бұл Қалабаевың, естіген құлақта жазық жоқ. — дейді Қызыкен.

— Біраз емес, жүздеген жанның тағдырына қол сұғыпты.

Тұңғышбек арамнан жиренгендей қолын сілкіп қалған.

— Сонан соң осы Шетті тәртіпке келтіруге жіберсе керек.

— Тәртіпке келтіретіндей кімнің қазанына түсіппіз.

— Жазықсыз болсақ та ма?

— Оның енді қарай қоймас.

— Мынау сұмдық екен. Кешегі айтысып-тартысып қалатын Иса, Сүмсекесілерге де зар болды деген осы да.

Жамыраса сөйлеген тұстастарының әр қайсының бетіне бір үңілген Жұмаш әркімнің жүзіне теуіп шыққан ыза, осы ма еді күткеніміз деген үмітсіздік, енді не қылдық деген шарасыздықтан басқа ештеңе таппады.

Есік алдындағы қисық орындық қозғалған сайын жаны шыға ойбайлап, сықыры миын шаққан Жұмаш ақсақал мына пәлекеттен қайтып құтылсам екен дегендей астындағы шиқылдауығына алара қарап орынынан тұрған. Жабырқаулы

үйге тағы кіргісі жоқ. Мыжырайған қораның ішінен соңғы кезде күтуі азайған тайынша-торпағының азынаған дауысы құлаққа жетіп, күйқаны және шымырлатқан.

— Қой, болмас, — деп Әлкәдір мен інісі Рахаттың жазда қол шалғымен шауып, қораның бір бұрышына үйген шөбінен салуға беттеген. Қараңғы қораның есігін аша бергені сол еді, баж еткен бір пәлекет үстіне секірді. Әуелі көрінген көзі. Екі көзі сүп-суық мұздай от шашып тұр. Дүниеде жек көретіні мысық еді, оның да тап бүгін алдынан оратылуын қарашы. Ей, Алла, баяғыда...

Баяғыда Қарқаралыдағы көп айлық курстың бірінде оқуда жүргенде таң қылаң бере жатқан үйінің біреу есігін қаққан. Үй иелері тұра қоймаған соң өзі барып есіктің ілгегіне қол созған. Аяқ астынан бірдеме баж етті. Онысы өзімен бірге есікке ұмтылған сол үйдің мысығы екен, жаншыған күйрығын бұтына қысып, ала көздене зытты.

Есіктің ар жағындағы Тоқсантайдың Ғаббасының келіншегі Тиішкен екен. Оныншы ауылдың он ақынының бірі атанған Ғаббас жау атанып, Қарқаралының түрмесінде жатқанын, оған деген азаптың ерекше екенін аяқ-қаптай қаланың халқы бір-біріне сыбырлап жеткізген.

Ей, заман-ай, десейші. Арғы атасы Жарылғап батыр қазақ қалмақ қырғынында Абылай ханның сан жекпе-жекке шығып көзге түскен батыры болса, Жарылғаптың Баубегі орыспен қақтығысқан, Қырбасы ырыс иесі, онан туған Байсейіт Кенеханның атақты билерінің бірі, оның ұлы Нұрлан есімін ел білген Жомарт емес пе еді. Нұрланның балалары Омар мен Тоқсантай ата-анадан ерте айырылып, жетім өсіпті десегін Омар да дүниеден ерте көшіпті. Ел кіші әйелі Бөдешті қайны Тоқсантайға қоспақ болады. Бөдеш сұлу.

— Мен ата дәстүріне қарсы емеспін, тек Тоқсантай екеуміз күресейік. Жеңсе алсын, жығылса енді кіммен бас қосарымды өзіме қалдырсын, — деп шарт қояды.

Тоқсантайдан жығылған Бөдеш оған ерге шығып, ол скеуінен мына жалғанға Ғаббас келген. Диа қажы ақынның Бабасқа:

*... Жұртқа маза бермеуші ең,
Ғаббас пенен екеуің,
— дейтіні де осы азамат.*

Бес ата жұртының күй тартқаны мылтыққа мишен болып, өлең шығарғаны "жау сөзін жарақтаушылар" танылып, түрмеде шіріп жатқан сол тұста "ойбай, шпион екен" боп шыға келген. Кім қалай тергесе де, кім не айтса да тілін тартпайтын Ғаббастың көрген азабы да ерекше. Күн демей, түн демей ұрып-соғып, үстіне мұздай су құйып, аязға қатырып, тырнағын сөгіп, тергеуші атанған жан алғыш ойына келгенін істеп баққан.

— Жау пиғылыңды айт, сыбайласың кімдер, — деп зорлайды. Тергеуші "әкең" десе бұл шешеден жіберіп, ол орындықпен ұрса, қолы байлаулы бұл аякпен теуіп қарсыла-сып баққан. Қырыққа жетпеген Ғаббасты қанша қинаса да ГПУ қажыта алмады. Ақыры бетті жігітті тірі жіберу қауіпті десіп, өлтіруге шешкен.

Түн жарымда тағы жауапқа шақырылды.

— Не жауап? Оу, жазығымды неге айтпайсындар. Қанішерлер, қанымды ішпей тынбассындар, — деп осы жолы бір сойқанның боларын іші сезген Ғаббас бірге жатқандармен қоштасып барып, сыртқа беттеген.

Сол түні Ғаббасты малша шалып, түн ішінде көлдің мұзын ойып денесін соған тастаған. Ел құлағы елу, бұл сұмдық қала ішіне тарап, сонау Шет ауданы боп құрылған Бес ата жұртына да жеткен.

Түнделете жол шегіп, таң қылаңымен жеткен Ғаббастың жас жұбайы Тиішкен осы сұмдықтың шет жағасын естіп, анық қанығын білуге келген беті екен. Жылай-жылай бет-аузы ісіп кеткен келіншектің бір шыны шай ішуге шамасы зорға келді. Ішкен суы көзінен жас боп құйылып, алқымын су еткен. Адам баласында мұнша көз жастың болуын Жұмаштың алғаш аңдауы.

Көктем де шығып қалған, үлкен көлдің мұзы еріп жатыр. Мұз еріген сайын көлдің беті өлгендер денесіне тола берген. Тірідей мойнына тас байлап көлге тасталғандардың шіріген жіптері мойнында салақтап, көргеннің көңілін тітіркендіріп, бүйіріне қадалған шаншудай селк еткізген.

Ғаббастың денесі де табылды. Ісініп кеткен көп өлікті жел жағаға айдап тастапты. Талай тыр жалаңаш өлікті аралап жүріп Тиішкен Ғаббастың мүрдесін дәл тапты. Ғаббастың оң аяғының өкшесіндегі қалы су сорған апнақ аяқта ақ

кагаздағы мордей боп, көзге оттай басынған. Ғаббас ақынды ГПУ-ден қорыққан бұлар көл жиегіне түп ішінде жерлеген.

Уа, дүние, кімнің уайымын жеп, қасіретін түгендеген-дейсің. Бүгін қалай айтсаң солай сияды. Бокайдың Терлікбайының тоқалының қолындағы алтын білезікті суырып ала алмаған соң Иса белсенді мен Дәрімбектің келіншектің қолын шауып тастағаны бүгінде оған нығар, тап сол тұста талайды шошытқанымен ұр да жық содырлар үшін оң іс.

Не бір сұмдығы үшін сол бір содырлар бүгін өкіне ме, Алла алдында жауап берермін деп жүрегі тітіркенер ме. Әлде өзі өлген соң бәрібір деп өкініш сезімін әлде бір қатыгездікпен баса ма, кім білсін. Әйтеуір күн өткен сайын солар мейірім күтпегендей түнере береді ғой.

Сонау бір жылы Түйеастың баурындағы Амантайдың үйіне ат басын бұрғаны бар. Тәрде жапанды жалғыз жайлағандай боп бір кездегі шала белсенді кейін тәубасына тезірек келген Кәріғұл отыр екен. Жалпаңдап-ақ жатыр. Екі нығынан дем алған самаурынды сылтып басатын Амантай өзі әкеліп дастарханға жақындата қойып, айы-күніне жетіп отырған әйеліне

— Ал, құй шайынды, — деген.

Кесенің ернеуі еріндеріне тие бергенде:

— Ассалау... — деп біреу кірген. Сәлемші жылтыр қараның табалдырықты аттауы сол еді.

— Астапыралла, — деп Кәріғұл шалқалай құлады. Үстіне төңкерілген кесе де, ақтарылған шайда жұмысы жоқ, — Ә... Ә... деді де қалды. Сәлемшінің ұсынған қолы орта жолда от көсеушінің көсеуіндей ұмтылып-тартылып ербеңдеді.

— Ә...әй, сен әлі тірі ме едің. Апырым-ай, қара жер шіркін сен басқанда ойылып кетіп, тура дозақтың отына шыжстіп түсерсің деп ойлаушы едім. — Өзіне өзі әлі келе алмаған Кәріғұл әлі де алқымына іркілген суды сілікпей шала құлаған қалпында жатыр.

— Шын өзіңсің бе?

— Иә, — деген Кәрібайдың жүзінде "қайдан келдім" түр еді.

— Әу, айтсаңшы, мына Кәрібайды көріп әзірсілден қорыққандай шошығаның не? — деп Амантай сөз қыстырған.

— Ойбай-ау, мына Кәрібай екеумізді ГПУ тыңшы қылып салды ғой.

— Ал.

— Алы сол, ГПУ Базылбай молда, Шахы отырған түрмеге әкеліп тықты. Іші толған адам екен. Көбін танымаймын да. Біздің міндетіміз молда-скеңмен Шахының сөзін жеткізу. Әй, айтсаңшы, рас па осым?

— Айтып отырсың ғой, — деп мінгірледі Кәрібай.

— Сонда Базылбай молда "біз асарымызды асап, жасарымызды жасадық. Жасаған өміріміз үшін Аллаға ризашылық.

Енді елге не жастар ғой, мына сендерді де аман қалдырмаған екен" деп қапа болып отырды. Түрменің қай тамағы болушы еді, оның үстіне өзімізге ерекше аяушылық тугызу үшін біз екеумізге сырттан тамақ алдырмады. Сонда Базылбай молда.

— Сендер аман болыңдаршы, — деп мына Кәрібайға өзінің талқанын бөліп аузына тосып еді. Әй, жедің ғой соны? "Иә" деуге шамасы келмеген салпаңқұлақ түнеріп теріс қарады. Қысылып қымтырылудан белгі жоқ, мұндай ащы шындық бетіне басылған адамның жүзі қызарып, ең болмаса маңдайы терлеуші еді, оның бірі білінбеді.

— Соларды бұл ит ГПУ-ге жамандады.

— Өзің ше? — деп қалған Жұмаш.

— Кәрібайдың айтқанын айтқан жоқсың деп өзім таяқ жедім.

— Алда сорлылар-ай, — деп қалды Амантай.

— Бұл жауыздың ісі сонымен біткен жоқ қой.

— Тағы не пәлесі бар еді.

— Нұраның жиегіндегі Қанды қара төбеге апарып бір-неше кісіні бауыздатты ғой. Сол үшін әрқайсына жиырма сомнан алған бұл итің. Сол жерге сол бейшараларды бұған көмдірген.

— Ах! — деп ышқынып қалды шай құйып отырған әйел. Шарт етіп жерге түскен кесесі қақ айырылып, айы-күні жетіп отырған әйел есі ауып құлай берді.

— Басын сүйей беріңдер, — деп ұмтылған Жұмаш. Әлдекімнің аяғы тиген самаурын ақтарылып, үй-іші әп-сәтте әлекке түсті. Әлекке түспеген Кәрібай ғана. Сол бір қалшы-

нан мiз бақпай, айтқаның не қате, не дұрыс демеген бетiнде тесiрейiн отыра бердi.

Өмiрде Жұмаштың бiр байқағаны жаманшылық тiлегендер тез тозады екен. Күнi тозады. Тозбағысы келер әлi де, олардың қайырымнан қаскөйлiгi, бiрсудi орға жығуға әзiрлiгi бұрын жүредi. Әлгi бiр отыз алтының сайлауында не болмады.

Таласып тартысып, бiр-бiрiнiң жағасын жыртысып жүрiп патша заманында болыс сайлаушы едi. Онан берi не заман. Ендi кедейдiң кеңес үкiметi тұсында сонау Мәскеудегiлердi сайлайтын уақыт кеп қалты. Кiм көрген мұндайды. Ел сайланушының пәмиласынан жаңылып, бiрiнен-бiрi сұрап, "а, құдай пәлеңнен сақталасып" астаң-кестеңi шығып жатқанда ГПУ-де қармақ салудан жаңылған жоқ. Әр ауылға баратын өкiлге келешек қармаққа iлiнетiн жемiнiң аты-жөнiн жазып берiп, "осыны мықтап қолға түсiр", әлi де ГПУ бiлмейтiн "жауды" байқа деп тапсырып жiберетiн.

Газетi мен радиосы сайлауды халыққа келе қалған береке, ел ендi өзiн-өзi басқарады деп халықты желпiндiрiп жатса, ГПУ көкжелкеге мiнiп алып, күнде бiр тапсырмасын арқалатып, ауыл-ауылды аралатып, сабылтып жiберген. Кешегi патша заманында болыс сайлауын көрiп, жақпағанын жамандап үйренгенге ендi аузын бағу қайда.

Сайлау алдындағы дайындықты бақылауға жiберiлген Қалтақбас Қарынбай ауылдың кәрi-жасын жинап, депутаттың аты-жөнi өмiр жолымен таныстырып болып:

— Ал, ендi, сонымен кiмдi сайлайтын болдыңдар, — деп сұраса күн ара бiр өкiл келiп, жиналыс ашуынан мезi болған жұрт үндемей қойған.

— Ау, айтсаңдаршы, — еңбегi еш болғандай Қалтақбас iштей кiжiндi. Әлде, түсiндiруi жеткiлiксiз болды ма? Өкiл гағы бiр жарты сағат Мәскеудегi мықтылардың абыройын аспандатты.

— Ендi түсiнiктi ме?

— Қарынбай-ау, Қарынбай! Мәскеудегi төрт орысты сайлаймыз деп елдi осынша ығыр қылғаның не? — деп Сыздықшал шыға келдi.

Жұрттың бiразы булыға күлiп, бiразы үрпиiсе қалған:

— Мына Сыздықты түлен түрттi.

— Е, не қылушы еді, шындығын айтты.

— Енді еркіндік деп жатыр ғой. Еркіндік болған сон іштегіні айтқанның несі айып.

— Ақсақал, сіз түсінбей қалдыңыз ба? — Қарынбайдың қысылғаннан мандайынан шып-шып тер шықты. Ойбай-ау, енді не істеді? Мына Сыздық әбден бүлдірді-ау.

— Түсінуін түсіндік қой.

— Ендігіңіз не?

— Әй, өзі сол орыстардың Мәскеуінде отыр ғой. Отырамыз деп бізден сұраған жоқ. Елді әлекке салмай отыра бермей ме?

— Жоқ, бұл сайлау ғой.

— Бәрібір соларды сайлатайын деп жатырсындар ғой. Қарынбай ГПУ-дің құлағы көрінбес пе екен деп айнала жалтақтады. Мұндайда көрінбеген құлақ не болады. Ол да бой көрсетті.

— Мына шал кешегі бай-құлақтың құйыршығы. Көрдіндер ме не айтып тұрғанын. Бұған кедей үкіметі жақпай қапты Аңсап тұр бұрынғыны. Төрт орыс деп... Жала! Жала! Мұндайларды... — шикіл сары жігіттің айғайымен төндірген қорқынышынан жатаған үйдің аласа төбесі тіпті төмендеп, сығып бара жатқандай көрініп, ауа жетпеуге айналған. Әбүйір болғанда біреу есікті ашып жіберді. Жау табылды. Ақт жасалды. Милициясыз-ақ екі әктіп шалды арбаға керіп байлап, ГПУ-ге тапсырды.

Бұл жағдай аудандық сайлау комиссиясы дегенге іліккендерді тап сайлау ертең болады деген күні ауыл-ауылға тағы аттанып, "жау" іздеуге шығартқан. Әр ауылда бір болып, аты да, өзі де әбден сабылған Жұмаш екінші ауылға зорға жеткен. Мына сайлауы пәле болмаса игі еді. Қарынбайшылап қалам ба деп өзінің де берекесі кеткен. Барған жерінде жиналған жұртқа Сыздық шалдың уақиғасын сыздықтап жеткізіп, әйтеуір сақ болулары керек екенін білдіріп-ақ жатыр.

— Құдай шатастырмаса, — дейді жиналғандар.

— Ау, құдайды аузыңа ала көрме.

— Ұмытып қалмасақ. Аты да қиын екен өзінің.

— Піңқасық.

— Жоқ, мыңқасық.

— Бұдан ештеңе өнбесіне көзі жеткен Жұмаш сайлаймыз деп келген жұрттың бірі болмаса бірі "жау" боп шыға келетінін ойлап айлаға көшкен.

— Әлгі қаладағы өзіміздің дөкейді сайлаймын. Көңіл біледі, тіл келмейді, — деңдер деп шалдарды үйреткендей болған.

Сол күні Жұмаш болдырған атын тыңайтып, Мұса шалдың үйіне қонған. Құлағы шалалау еститін тоқсанға толған ақ сақалмен әңгімесі жараса қоймады. Әйтеуір Сталиннің атын біледі екен, соны тілге тиек қылып біраз әңгіме айтқан болды. Ара-арасында ақсақал көзі ежірейіп

— Троцкий Қазақстанды билеген, — деп қояды. Онысы не даттау, не мақтау екені белгісіз.

Тауық шақыра жұрт тұрды. Мұса шалды бала шағасы киіндіріп жатқан шақта Жұмаш атын ерттеп, оразасын да ашпай ауданға асығыс жөнелген еді.

Ауылдың шал-шауқаны отқа түсетінін қайдан білсін. Қауқылдап келіп, қолына бір жапырақ қағаз бергеніне мәз. Ең үлкен бастықтың оң қолын ұстағандай болып абдырап, сайлау-бастықтың пәлелі сұрағына не айтып, не қойғанын білмей жауап берген.

Тоқсанға жасы жеткен Мұса ақсақалды таңсәріден оятқан. Ішкиімінің орынына көйлегінің бір жеңін киіп, қаракөлеңке үйде әбден әуре. Мәскеудегі мықтының өзіне күні түскен соң нығыздалып бағайын десе де дір-дір етіп стігін киес алар емес.

— Ата, болсаңшы енді.

— Әй, сандалмай жайыңа тұр. Сазанбай ұрпағының ендігі жөн білер үлкені мен. Мен бармай сайлауың болмайды.

— Жұрттың артында қалармыз.

— Осы қызық-ей өздері. Баяғыда Нарымбек болысты Сайлаутапта сайлағанда ұйқыны қандырып...

— Ойбай, ата қайдағы пәленді ауызға алма. — Шал тағы бірденені бүлдіреме, — деп баласының зәресі ұшты. Осы әкесі бірде шалқып өмір сүрдік десе, бірде өмірде көрген кұқайын жырдай қылып жеткізеді. Бұл күнгінің әңгіме тыңдаушысына да дауа жоқ. Қиыншылықты көп көрдім десе, оның қандай деп ежіктейді. Көрген рахатым аз десе, осы тоқсан жасқа қалай жетті деп тағы сенбейді. Әке емес, осы

шалдың өзі де осы отбасына қатер сияқты болады да тұрады. Тоқсан сұрап алған жасы емес шығар, сонда көрген мехнаты мен түс көргендей қуанышының кімге керегі бар екені түсініксіз. Тәлтіректеп жүріп киіндіріп, сүйемелдеп есік алдына шығып, сүйреткендей етіп бүгінгі жақсылық орнап жатқан жерге жеткен.

Аласа мектептің айналасы қызылды-жасылды екен. Ең... ең мықтыны сайлауға келген жұрт әлі осы маңда. Біреуге барқыратып ән айтқызып қойыпты.

— Әй, әлгі орысыңның аты кім еді? — деп сұрады Мүскең баласынан.

— Пинкасов.

— Не дейді? Мінқасық дегені кім? Әй, онанда мықты әлгі. Әлгі Троцкий бар емес пе еді.

— Жоқ, ол емес, Пинкасов.

Мұса ақсақал сенер сенбесін білмей баласының бетіне ежірейсе караған. Жұрт шулап жүретін Троцкий еді ғой, Мінқасығы кім? Осы өзі шатастырып тұрған шығар. Осыларда ми жоқ.

Мүскеңді осы сайлауға ауданнан келген өкіл Басмақай жатып жабысып-ақ қарсы алды. Аудан өкілінің жік жаппар болуы әбден ішін жылытты. Иә, бәсе рулы елдің үлкені өзі емес пе, бұл қалай айтса солай болады да. Баяғыда Дүйсенбай би елді жатқызып-өргізген.

— Мүске кімді сайлайтыныңызды білессіз бе? — деп жымия қалды өкіл.

— Е, білмегенде. — Ақсақал шақшасын іздеп жанын сипады да, таппаған соң шоқша сақалын сауды.

— Е, біледі әрине, — деді біреу.

— Сонда да сол кісіні атап жіберсе, — деп жабысты өкіл.

— Әлгі... өзіміздің ең... ең мықты бар ғой, соны.

— Қай... Қайсыны айтасыз?

— Ту, Троцкий ше.

Жылмандап тұрған аудан өкілі тарс бүлінді. Түйілген қабақтың ар жағындағы шүңірек көз зәрлі суық шашып, шатынап шыға келді.

— Не деген бассыздық бұл? Кім көрінгенге осы жерде теріс пікір таратуға жол беріп қоя бересіндер. Енді, міне, кенес мемлекетінің жауын ашық түрде мадақтауға шыққан. —

Басмақай өкіл жаңа ғана өзі суыртпақтап сұраған сұрағын да, оған естіген жауабын да осы жерде тұрғандарға жауып, тонын теріс айналдырып шыға келген. Өзі бас болып сайлауком мүшелері қол қойған акт ГПУ-ге жөнелтілді. Күн өтпей-ақ қаудыраған Мұса шалдың көні кепкен денесін кспеудің қандаласы сорып жатты.

Бары-жоғы он-он бес шақырым ауылдан ауданға алқына жеткен Жұмаш мұнда тағы қоныс таппады. Бәрін көріп, бит астындағыны біліп отырған ГПУ райкомға шақыртып, бұл жолы тіпті ерекше тапсырмамен аттандырған. Таң бозарып атып қалған шақ. Бозайғырдың жалына жабысқан Жұмаштың кежегесі кері тартып-ақ келеді. Барғысы жоқ. Бармайын десе "аса жауапты науқанға жат пиғыл танытқан" боп шыға келеді. Оның арты...

Әйтеуір көңілге медеу тұтатыны өзіне жақын боп жүретін Әбеубекті аттандырып үлгерді. Әбеубектің ақ көңіліне, тазалығына сенеді. Әбүйір болғанда оның өзі де райкомның маңынан кездесе кетті. Жұмаштың салыңқы қабағынан бір жамандықты сезіп дос-жар Әбеубек оратыла кеткен.

— Не жаңалық?

— Несін сұрайсың? Тура жаналғыш болуға айналдық.

— I...ім, — деді Әбеубек жалтақтай қарап.

— Өте шатақ.

— Не боп қалды?

— Осы сен Бікішті білесің ғой.

— Білмегенде. Ағайын емеспіз бе?

— Е, солай екен ғой. — Жұмаш қуанып кетті. — Анау Ақылбек те соған жақындығы бар.

— Иә, солай. — Әбеубек сөздің ендігі бет алысын аңлай алмай аңырған. Жұмаш та көңіліндегісін бірден айтып сала алмай дағдарды. — Бікішті несіне сұрадың?

— Саған хабар айту керек боп тұр.

— Айта бер не де болса жеткіземін.

— Бұл сөзді жеткізуге де айла ойла. Сенің де Бікіштің маңынан көрінбегенің дұрыс.

— Не боп қалған соншама? — Әбеубек тіксіне қалды.

— ГПУ оны аңдытып отыр.

— Онда құрыды десейші.

— Соған бір айла жасасақ деп едім.